

# Ж а с      А л л а ш ш

Бәрінен де ақиқат қымбат!



[www.zhasalash.kz](http://www.zhasalash.kz)

№50  
(15820)

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ    ГАЗЕТ    ■    ГАЗЕТ 1921 ЖЫЛҒЫ 22 НАУРЫЗДАН ШЫҒА БАСТАДЫ

27 МАУСЫМ  
БЕЙСЕНБІ  
2013 ЖЫЛ



Мемлекет басшысы латын әліпбиіне көшу керектігін айтқанымен, оған қазақ елінде тұрып жатқан бүкіл ұлттардың бәрі көше ме, әлде өздерінің қалпын бұзбаған қазақтар ғана (өйткені түрі қазақ, жаны бөлек қандастарымыз өте көп) көше ме деген сұрақтың басын ашық қалдырды. Егер латын әліпбиіне көшу тек соңғыларға ғана тиісті болса, сеніммен айта аламын, онда бір ұлттық рух төңірегіне әлі топтаса алмай, “тілді қазақ”, “тілсіз қазақ” болып жүрген жергілікті халық, жарылған бөренедей, өз ішінен бұрынғыдан да бетер қақ айырылады. Енді осы күмәнімізді біраз дәлелдермен айшықтап керейік.

Әрине, қай халықта болмасын, өзге тілді тез меңгеретін әрі оны жылдам оқып, үйренуге ынтасы мен қабілеті бар адамдар болады. Бір-бірін түсінсе, солар түсінсе жатар. Бірақ бүкіл ел, жалпы жұрт ондай қабілетке ие емес қой. Одан соң латынға көшсек, бізге құшақ жая салатын, басымызға іс түссе жанымыздан табыла салатын түркі тілдес мемлекеттерді көріп отырғанымыз жоқ. Өлсін-әлсін шекарамызда бір адамды атып тұратын өзбек ағайындар “латынға көшіпсің” деп, темір шарбақтарын жиып тастамасы анық. Түріктер “бізде жағдай жақсы, көшіп келіңдер” деп айтпасы тағы шындық. Бәрінен бұрын техникалық өркениеттен кенже қалған бұл мемлекеттерден үйренетін түгіміз жоқ. Алда-жалда латын әрпі арқылы бір-бірімізді түсінісуге қол жеткізсек, онымыз

кемпір-кемештерімізге дейін “больница”, “подъезд”, “остановка”, “ручка”, “поворот”, “свет”... күнделікті қолданыстағы осындай қаншама сөздерді ешқашан қазақша айтпайтынын, тіліміздің бүлініп, бұзылып кеткенін, оларды жөндеуге еш ықылас танытпайтын бойкүйез екенімізді тағы да растаймын. Ендеше, үш-төрт атадан бері бойымызға орыс сіңірген, елдік қалпымызды бұзып, бөтен арнаға түсіріп жіберген осындай рухани тәуелділіктен “латынға көшсек, бірден арыла саламыз” деген тұжырым да – ойға сыйымсыз іс.

“Мұндай келеңсіздіктерден латынға өту арқылы бірте-бірте арыламыз” дейді кейбір көрегендер. Сол көрегендерге сене салайықшы, латынға көшкен күні шекарамыз тарс жабылып, бізге шетелдерден бөтен рухани тұрғыдағы қаймана құндылықтарды жеткізушілердің аяқтарына бірден тұсау салына сала ма? Ресей мен Батыс Еуропадан келіп жатқан газет-журналдар мен кітаптардың саны бірден азая қоя ма? Әр қазақтың

кет басшысы халыққа жолдауында “2025 жылдан кейін латын әрпіне көшеміз” деді. Енді біз: “Президент мырза, бұл сөзіңізді қандай мақсатпен айттыңыз?” деп сұрауға тиіспіз. Егер президент бұған: “Қазақ пен оның тілінің болашағы үшін” деп жауап берсе, былай деп өтініш етейік: “Президент мырза, біздің латынға қостілділік қалпымызбен өтуіміз пайдасыз. Латынға өтетін дайындықты алдымен Сіз бастаңыз. Дайындығыңыздың белгісі болсын, ертеңнен бастап барлық жиындардағы, кездесулердегі сөзіңізді тек қазақша айтыңыз. Осылай етсеңіз, бір айдан кейін Сіздің құзырыңыздағы – орыс-орманы, шала-тазасы бар бүкіл қызметкерлеріңіз ұлығынан кішігіне дейін тап-таза әрі анық қазақша сөйлейтін болады. Одан кейінгі үш-төрт жыл көлемінде қазақша білмейтін қазақтар мен өзге ұлттар біздің тілде еркін сөйлей бастайды. Сөйтіп, 2025 жылға дейін Қазақ елінде тұратын бүкіл жұрттың

Момбек ӘБДӘКІМҰЛЫ,  
жазушы

## ӘЛІПБИ АУЫСТЫРУ ОҢАЙ-ОСПАҚ ШАРУА ЕМЕС

Бұған, біріншіден, орыстілді қандастарымыз қарсылық көрсетеді. Мұндай қарсылық қазірдің өзінде-ақ бой көрсетіп жатыр. Себебі оларда ұлттық қасиет жоқ. Ал бойларында ұлттық қасиеттің бар екенін білдіріп, латынға бүгін-ақ көшуге дайынбыз деп ұрандатушылар, әліпби ауыстыра салсақ, сондай шалақазақтар бір күнде орыс тілінен безіп, қазақы қалыпқа түсе қалатындай көреді. Шын қазақ – әліпбиінде латынша етсең де, орысша етсең де, тіпті қытай мен жапон иероглифине көшірсең де, ұлттық келбетін жоғалтпайды. Бөтенге бейім ұлттық рухсыздар болса, етектен тартқаны былай тұрсын, бөгденің жетегіне еріп, ұлттық мүддені сатуға дайын тұр. Жиырма жылдан бері не мемлекет тарапынан, не қоғам тарапынан қазақ тіліне зәрулікті сезінбеген сондай рухсыздар әлгіндей ұраншылардың асығыс бастамасына елп етіп жығыла кетпесі екібастан белгілі. Оларға біздің елде тұратын басқа ұлттар да қосылады. Осылай бола қалса, қазақтан гөрі басқа ұлттың қас-қабағына қарағыш біздің билік қазақтарға: “Латынды өздерің-ақ игере беріңдер, басқалар кириллицаны қолдана берсін” деп отыра берері тағы көміл. Сонда латын арқылы күллі қазақты қазақтандырамыз деген ниет біржолата желге ұшпақ. Осындай көптердің барлығын ескермей, ұран мен науқанға ергіш “ұлт болашағын көксеушілердің” латыншаны көп көшіктірмей-ақ, бірекі жылда енгізейік” дегендері – бос сандырақ болып шықпақ.

Әлбетте, тілдік реформаны жақтайтындардың айтар уәждері, бағдарламалары мен келешекке жасаған көреген жоспарлары да мол. Олардың бісмілләсі – “латын әрпі түркі халықтарының басын біріктіреді, бірінің жазғанын екіншісі қиналмай оқып, түсіне береді” деуден басталады. Өйтсе де, олар сол уәждің артында қаншалықты қисын мен пайда бар екенін тәптіштеп бере алмайды. Мысалы, маған бір түрік өз тілінде қай әріппен болса да, бірден жазып берсе, бәрібір түсінбейтінім көміл. Көне оғыздық диалектиканы ұстанатын әзірбайжан мен түрікмендердің де сөздерін ұға алмаймын. Олар түгілі, іргеден отырған өзбектің де көп сөзін түсіне бермеймін, ал латын тұрмақ, кириллицамен жазылған әдебиеттеріндегі сөйлемдерге тіпті тісім батпайды.

сауда төңірегіндегі әңгімелер мен істерден әрі аспасы айқын. Сол үшін де түркі елдері арасындағы саяси мүддені бір ортақ қалыпқа келтірмей жатып, әрқайсысында қолданылып жүрген әртекті рухани құндылықтарды бір арнаға түсірмей жатып, әліпби арқасында біріге саламыз деу – сәби арманындай ғана балаң ой.

Латыншылдар екінші бір уәжін компьютермен байланыстырады, яғни “латынды үйренсек, оны пайдалану оңайға түседі” дейді. Компьютер – жаһандандудың ең басты алғышарты. Онсыз қазіргі заманды елестету қиын. Бірақ латын әрпінсіз-ақ компьютерден қиналып жатқан қазақты көргенім жоқ. Заман озған сайын жаңа жетістіктерді үйренген кейінгі ұрпақ өзіне керекті латынға көшуісіз-ақ үйреніп алған. Одан соң әлемде технология жағынан ең озық елдер – Жапония мен Корея өз иероглифтерімен-ақ компьютерді меңгеріп отыр. Меңгергені былай тұрсын, оған жаңа негіз салуда. Дүниедегі ең қиын тілді қолданатын қытайлар да бұл тұрғыда көштен озбаса, ешкімнен қалған жоқ. Осындай мысалдарға қарасақ, латыншылдардың бұл тұрғыдағы уәжі – қасқырдан қашып, інін таба алмай, арыстанға жолыққан түлкінің қылығын көз алдына келтіреді. Яғни, олардың мақсаттары – орыс кириллицасынан аулақтап, әлемді жайлап бара жатқан ағылшын тілінің аясына өзіңнен-өзің барып кіре салуды тездетіп отырғандай әсер қалдырады.

Жаңа әліпбиге көшуді жақтайтындардың тағы бір алға тартатыны – латынға көшсек, бойымызды орыстан тез арада аулақ салатын боламыз дейді. Бірақ қай тараптан аулақ салатын боламыз дегенді түсіндіріп бере алмайды. Бар айтатындары “рухани тәуелділіктен арыламыз” деуге негізделеді. Бұған айтарымыз мынау: рухани тәуелділікті бойға үйіру – әркімнің санасына байланысты. Нағыз ұлтжанды қазақ ормандай орыс түгілі, қалың кара қытайдың, испандық, португалдық, ағылшындық үстемдік алған Америка елдерінің бел ортасында отырса да, өзінің рухани тәуелсіздігін сақтайды. Өкінішке қарай, қазақтың бәрі ондай биік рухты емес. Басым көпшілігіміздің жігерсіз, намыссыз екеніміз тағы рас. Он қазақтың ортасына бөгде біреу келсе, әлі күнге дейін әмбеміз соның тілінде шүлдірлей жөнелетін тым көңілжықпастығымыздың да бар екенін жасырмаймын. Бір сөйлемді орысша құрастырып айта алмайтын

үйіндегі теледидардан “Отау ТВ”, “Бейне ТВ” тағы да сол сияқтылар мен анау дөңгелек антенна арқылы көрсетіліп жатқан орыс тіліндегі хабарлар мен кинолар тыйыла қала ма? Сан түрлі сойқанды суреттер мен эротикалық мәтіндегі хабарламаларды тарататын интернеттің “ұятты оянып”, латын әрпімен қазақша мәтіндегі өнегелі сөздерді жаза бастай ма? Осындайларды ойламаған көреген реформаторлардың рухани тәуелділіктен латын әрпі құтқарады дегеніне қалай сенесіз?

Жарайды, болашақ ұрпақтың қамы үшін латынға көшелік делік. Алайда дәл қазір немесе жуық арадағы он жыл ішінде латын әрпіне көше салу – бізді көптеген қателіктерге әкеліп соқтырады. Елінде 99 да 99 пайыз халық өзбек тілінде сөйлейтін Өзбекстанда бұл құбылыс әлі күнге дейін қиыншылық туғызып отырғанын өз көзімізбен көріп жүрміз. Арамыз жақын болғандықтан, Өзбекстанға жиі-жиі барамыз. Егделері латынды ұқпайды, жастары кириллицаны білмейді. Екі буын арасында рухани байланыс үзілгендей көрінеді. Десең те, Өзбекстандағы жағдай біздегі сияқты емес, онда ұлттық тұтастық бар. Соның өзінде латынға көшуді ешбір дайындықсыз ерте бастан қолға алғандарына қынжылатын ғалымдар мен зиялылар мол. Олардың айтуынша, латын қазіргі өзбекті өркениетке емес, тығырыққа тіреп отыр.

Әзірбайжанда да жаба тоқығанымен, ахуал мәз емес. Ал Түркияның жолын бізге айқын мысал ретінде алға тарта беру тіптен жөнсіз. Өткен ғасырдың басында Түркияның зиялылары араб жазуын қолданғанымен, халқының бәрі ол әріпте оқып, жаза білмейтін. Былайша айтқанда, ол кезде Түркияда баршаға бірдей ортақ білім беретін оқу жүйесі жоқ болатын. Ататүрік енгізген жалпыхалықтық латын әрпі оларға біздегідей үйреншікті әліпбиден басқа әріп қолданысына өтетініміздей, тосын нәрсе болмады. Өйткені жастардың тоқсан пайыздан астамы осы әліпбимен сауатын ашты. Сондықтан басым түркілерге латын әрпі ата жазуындай болып кетті. Ал біздегі жағдай мүлде бөлек.

Сонымен, латынға көшуді қалаймыз ба, қаламаймыз ба? Егер түбі көшетін болсақ, біз оған дайындықты мынадан бастауымыз керек. Нақтысын айтқанда, бұған Қазақ үкіметінің өзі бастамашы болуы шарт. Мемле-

90 пайызы қазақша сөйлесе, сол жылы Сіз жоспарлаған латын әліпбиіне оп-оңай өте саламыз”.

Дейміз-ау, бірақ біздің үнімізге жауап қатар адам болса, қанеки. Сөйте тұрса да, мен бір нәрсеге таңмын. Әр жылы президенттің жолдауында көтерілген мәселелерге байланысты Сенат пен Мәжіліс депутаттары жер-жерге аттанып, кездесулер, түсіндірме жиындар өткізіп жатады. Биылғы жолдауға байланысты да депутаттар әр аймақта сондай жиындарды өткізді. Бірақ мемлекет басшысының осы латын әрпіне өтуге қатысты көтерген мәселесі бойынша бір депутаттың немесе бір үкімет мүшесінің еш жерде арнайы жиын өткізбегені аян. Бұл қалай сонда? Жолдаудың әр сөзінің астарын жұртқа егжей-тегжейлі түсіндіретін депутаттар латын әрпіне көшуді неге сөз етпейді? Мұның сыры мен мәнісінің астарында не жатыр?...

Қысқасы, қазақ қоғамындағы әр түрлі себеп-салдарларды саналы түрде талдасақ, латын әліпбиіне көшуге – қазір түгілі, 2025 жыл да ерте тәрізді. Қорықпай өте беру керек дейді біреулер. Қорықпайсың-ау, бірақ мұның артында қаншама түйіні шешілмеген мәселелер барын да ұғыну керек қой. Әліпби ауыстыру деген сөз – бүкіл жұрттың санасын өзгерту деген сөз. Бұл – бір қоғамнан екінші қоғамға ауысқан елдің басынан кешетін қиын ахуалдан да күрделі мәселе. Біз алдымен осы әріппен-ақ қазақлық қалпымызды әбден түзеп алуымыз керек. Өйткені жартысына жуығы қазақ, жартысына жуығы дүбәра, қалғандары мемлекеттік тілге пысқырып та қарамайтын жұрты бар елде, басқа әліпбиге көшуді немесе ұраншылдардың жетегімен оған өте салуды – онсыз да мәдениеті мен кезқараз-ұстанымы біркелкі емес, тұрғылықты халқы мүлде рухани жүдеу мемлекетте іске асыру – кешірілмес қылмысқа парапар болмақ. Латын әрпі керек пе, керек емес пе деп, қызылкенірдек болып өзара айтыса бергенше, одан да Қазақ үкіметіне барша қазақстандықтарды қазақ мүддесіне қарай өмір сүруіне, бой түзеуіне, оның тілін үйренуіне бастамашы болындар деп талап қояйық. Соның іске асатын уақытын тап осы кезеңге дөп келтірсек, міне, нағыз ерлік – сол.